

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2021  
УДК 616.155.194(574.41)

Н. Е. Боранбаев, Б. Е. Сұлтабаева, А. Қ. Жұрымбаева, Б. З. Латиф, А. М. Қасимова

## СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА ТЕМІРТАПШЫЛЫҚ АНЕМИЯНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ҚАУІП-ҚАТЕР ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

«Семей медицина университеті» КеАҚ (Семей Қазақстан Республикасы)

Теміртапшылықты анемия — қан сарысуында, сүйек миында, деполарда темірдің жетіспеуінен дамиды анемия. Популяцияда жиі таралуына, жасырын формада өтуіне байланысты ең өзекті мәселелердің бірі. Мақалада отандық және шетелдік әдеби деректер қолданылған және Семей қаласы бойынша темір тапшылық анемияның белгілері мен қауіп-қатер факторларының таралуы туралы авторлардың өз зерттеулерінің нәтижелері келтірілген.

*Мақсаты:* Семей қаласы бойынша теміртапшылық анемияның клиникалық белгілері мен қауіп факторларының таралуын зерттеу.

*Кілт сөздер:* темір тапшылықты анемия, ТТА-ның таралу жиілігі, ТТА-ның қауіп – қатер факторлары

Темір тапшылықты анемия (ТТА) кең таралуына байланысты әлемдік медицинадағы ең өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, бүкіл әлемнің 3,7 млрд тұрғынында жасырын темір тапшылығы және 1,8 млрд тұрғынында ТТА анықталады. ТТА популяцияда әркім таралған. Мәселен, мектеп жасына дейінгі балалардың 45%-ы, репродуктивті жастағы әйелдердің 52,1%-ы және қарт адамдардың 16,3%-ы бұл дерттен зардап шегеді. Әйел адамдарға қарағанда ер адамдарда сирек кездеседі [8].

Әлемнің дамушы елдерінде, әсіресе Африка және Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарында 58 % жуық балалар және репродуктивті жастағы әйелдердің жартысы анемиядан зардап шегеді [2]. Еліміздегі темір жетіспеушілік анемиясы 100 000 адамға шаққанда 1716,3 тұрғында кездеседі екен. Жүргізілген статистикалық зерттеулерге сүйенсек, 2019 жылы ТЖА жаңа туған нәрестелердің 20-25%-нда, 4 жасқа дейінгі балалардың 48%-нда және жасөспірімдердің 50%-нда анықталған [4].

ТТА әйелдер арасында жиі кездесу себептері: жыныстық жетілу және гормоналды бұзылулар, менопауза, тамақтану сипатының нашарлауы, ас қорыту жолдарының аурулары кезінде дәрумендер мен минералдардың (темірдің) нашар сіңуі, аутоиммундық жағдайлар және т.б. [5].

**Жұмыстың мақсаты** – Семей қаласы тұрғындар арасында теміртапшылық анемияның белгілері мен қауіп-қатер факторларының таралуын анықтау.

**Зерттеу міндеттері:** 1) Семей қаласының 18-50 жас аралығындағы тұрғындар арасында ТТА-ның клиникалық белгілері мен қауіп факторларын сауалнама жүргізу арқылы

анықтау; 2) алынған нәтижелер бойынша тұрғындар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу, сауалнамаға қатысқан тұрғындар арасында жадынамаларды тарату (респонденттер белгілеген қолайлы әлеуметтік жүйелер арқылы – *E-mail, WhatsApp, Telegram*).

### ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеуде статистикалық және әлеуметтік әдістер қолданылды. Семей қаласы бойынша теміртапшылық анемияның белгілері мен қауіп-қатер факторларының таралуын анықтау және тұрғындар арасында біріншілік профилактикалық жұмыстар жүргізу мақсатында Семей Медицина университетінің 4 курс студенттері 18-50 жас аралығындағы қала тұрғындарында сауалнама өткізді. Сауалнама виртуалды түрде Google Forms қосымшасы көмегімен жүргізілді. Статистикалық мәліметтер SPSS 20 бағдарламасымен өңделді.

Сауалнаманың сұрақтарында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметтер сапасы бойынша біріккен комиссияның 2017 жылғы «5» қазандағы № 29 хаттамасымен мақұлданған «Темір тапшылықты анемия» клиникалық хаттамасында белгіленген және негізгі оқулықтар мен өзекті мақалаларда көрсетілген клиникалық көріністері мен қауіп қатер-қатер факторлары қолданылды [1, 3, 6, 7].

### ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Бұл зерттеуге барлығы 151 тұрғын қатысты. Соның ішінде ерлер – 45% және әйелдер – 55% (жүкті әйелдер – 9%). «Сіз теміртапшылықты анемиямен ауырасыз ба?» деген сұраққа 32% «иә», 21% «жоқ» және 47% «білмеймін» деп жауап берген.

Респонденттердің 28% алкогольді ішімдіктерімен әуестенеді, ал 29%-ы темекі шегеді.

Тұрғындардың 33 (51%) темірдің сіңірілуін төмендетін аурулары анықталды. Соның ішінде, атрофиялық гастрит-20,8%, асқазан резекциясы – 2,4%, энтерит – 12,6%, асқазан және 12 елі ішек ойық жарасы – 21%.

Зерттеуге қатысушылардың 20%-ы түрлі ауруларға байланысты стероидты емес қабынуға қарсы дәрілік заттарды қабылдайтыны белгілі болды.

Тұрғындар соңғы 4 аптада байқалған келесідей симптомдарға шағымданған: шаршағыштық - 22%, бас айналу – 23,3%, тері құрғақты – 33,6%, дәм және иіс сезу бұзылыстары – 40,3%, инфекциялық аурулармен жиі ауыру – 37,2%, жүрек соғысының жиілеуі – 23,1%, ентігу – 9%, тәбет өзгерістері, ерекше иістерге тәуелділік – 11%, тырнақтардың сынғыштығы – 4,2%.

«Сіз өзіңіздің қандағы гемоглобин мөлшеріңізді білесіз бе?» деген сауалға 43% «иә», 57% «жоқ» деп жауап берген. «Қан анализін жылына қанша рет тапсырасыз?» деген сұраққа респонденттердің 37,1% – жылына 1 реттен аз тапсыратынын көрсетті, 23,2% – жылына бір рет, 19,9% – жарты жылда 1 рет, 11,7% – екі айда бір рет, 7,9% – әрбір квартал сайын, 4,6% – айына 1 рет тапсыратынын көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан тұрғындар арасында темір тапшылықты анемияның алдын алу мақсатында жадынамалар таратылды.

**Қорытынды:** Семей қаласы тұрғындары арасында анемияның дамуына әкелетін қауіп-қатер факторлар әртүрлі жиілікте таралған. Анемияның белгілері әр-түрлі жиілікте және топтасуда кездеседі. Анемияның барлық көріністері көбінесе жүкті және бала емізетін әйелдерде жиі анықталады.

### ӘДЕБИЕТ

1 Арифжанова Ж. Ф. Определение частоты железодефицитной анемии и выявление группы риска у детей //FORCIPE. – 2019. <https://clck.ru/UFgS9> (дата обращения: 13.04.2021).

2 Жорова В. Е. Частота и распространенность железодефицитной анемии /В. Е. Жорова, Е. Г. Хилькевич //МС. – 2018. – №13. URL: <https://clck.ru/UFgH6> (дата обращения: 13.04.2021).

3 Мухин Н. А. Ішкі аурулар пропедевтикасы /Н. А. Мухин, В. С. Моисеев. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – 672 с.

4 Новые технологии в лечении железодефицитной анемии /О. Н. Минушкин, Г. А. Елизаветина, О. И. Иванова, Ю. С. Барка-

лова //МС. – 2016. – №14. URL: <https://clck.ru/UH2kZ> (дата обращения: 14.04.2021).

5 Ризаева Л. К. Эпидемиология распространенности железодефицитной анемии // International scientific review. – 2017. – №2 (33). URL: <https://clck.ru/UFgJu> (дата обращения: 13.04.2021)

6 Трухан Д. И. Железодефицитная анемия: актуальные вопросы диагностики и профилактики на этапе оказания первичной медико-санитарной помощи //Фарматека. – 2018. – №13. – С. 84-90.

7 <https://diseases.medelement.com/disease/temir-tapshylykty-anemija/15672> (дата обращения: 13.04.2021).

8 [https://www.who.int/vmnis/database/anaemia/anaemia\\_data\\_status\\_t2/ru/](https://www.who.int/vmnis/database/anaemia/anaemia_data_status_t2/ru/) (дата обращения: 13.04.2021).

### REFERENCES

1 Arifzhanova Zh. F. Opredelenie chastoty zhelezodeficitnoj anemii i vyjavlenie gruppy riska u detej //FORCIPE. – 2019. <https://clck.ru/UFgS9> (data obrashhenija: 13.04.2021).

2 Zhorova V. E. Chastota irasprostrannost' zhelezodeficitnoj anemii /V. E. Zhorova, E. G. Hil'kevich //MS. – 2018. – №13. URL: <https://clck.ru/UFgH6> (data obrashhenija: 13.04.2021).

3 Muhin N. A. Ishki aurular propedevtika-sy /N. A. Muhin, V. S. Moiseev. – M.: GJEOTAR-Media, 2015. – 672 s.

4 Novye tehnologii v lechenii zhelezodeficitnoj anemii /O. N. Minushkin, G. A. Elizavetina, O. I. Ivanova, Ju. S. Barkalova //MS. – 2016. – №14. URL: <https://clck.ru/UH2kZ> (data obrashhenija: 14.04.2021).

5 Rizaeva L. K. Jepidemiologija rasprostrannosti zhelezodeficitnoj anemii //International scientific review. – 2017. – №2 (33). URL: <https://clck.ru/UFgJu> (data obrashhenija: 13.04.2021)

6 Truhan D. I. Zhelezodeficitnaja anemija: aktual'nye voprosy diagnostiki i profilaktiki na jetape okazanija pervichnoj mediko-sanitarnej pomoshhi //Farmateka. – 2018. – №13. – S. 84-90.

7 <https://diseases.medelement.com/disease/temir-tapshylykty-anemija/15672> (data obrashhenija: 13.04.2021).

8 [https://www.who.int/vmnis/database/anaemia/anaemia\\_data\\_status\\_t2/ru/](https://www.who.int/vmnis/database/anaemia/anaemia_data_status_t2/ru/) (data obrashhenija: 13.04.2021).

Поступила 16.04.2021 г.

*N. Ye. Boranbayev, B. Ye. Sultabayeva, A. K. Zhurymbayev, B. Z. Latif, A. M. Kasymova*  
**PREVALENCE OF RISK FACTORS AND SYMPTOMS OF IRON DEFICIENCY ANEMIA  
AMONG THE POPULATION OF SEMEY**  
*Semey Medical University (Semey, Republic of Kazakhstan)*

Iron deficiency anemia (IDA) - anemia that develops due to a lack of iron in the blood serum, bone marrow, depot. One of the most pressing problems associated with the frequent spread in the population and the flow in a latent form. The article uses domestic and foreign literature data, presents the results of our own research on the prevalence of risk factors and symptoms of iron deficiency anemia in residents of Semey.

*Purpose:* to study the prevalence of risk factors and clinical manifestations of iron deficiency anemia among residents of Semey.

*Key words:* iron deficiency anemia, IDA prevalence, IDA risk factors

*Н. Е. Боранбаев, Б. Е. Султабаева, А. К. Журымбаев, Б. З. Латиф, А. М. Касымова*  
**РАСПРОСТРАНЕННОСТЬ ФАКТОРОВ РИСКА И СИМПТОМОВ ЖЕЛЕЗОДЕФИЦИТНОЙ АНЕМИИ  
СРЕДИ НАСЕЛЕНИЯ Г. СЕМЕЙ**  
*Медицинский университет Семей (Семей, Республика Казахстан)*

Железодефицитная анемия – анемия, развивающаяся из-за недостатка железа в сыворотке крови, костном мозге, депо. Одна из наиболее актуальных проблем, связанная с частым распространением в популяции и протеканием в скрытой форме. В статье использованы отечественные и зарубежные литературные данные, представлены результаты собственных исследований о распространенности факторов риска и симптомов железодефицитной анемии у жителей г. Семей.

*Цель:* изучение распространенности факторов риска и клинических проявлений железодефицитной анемии у жителей г. Семей.

*Ключевые слова:* железодефицитная анемия, распространенность ЖДА, факторы риска ЖДА